



Эндокриндік дәрігер Ауыздың кілегейлі қабығының эндокриндік жүйесінің аурулары

Орындалды: Забунова Д.
306 «А», ЖМ

Алматы 2017


Жоспар

- ▶ Эндокриндік жүйе
- ▶ Эндокринолог-дәрігері
- ▶ эндокриндік жүйесінің аурулары
- ▶ Емі
- ▶ Гиповитаминоз
- ▶ Пайдаланған әдебиет

▶ Эндокриндік жүйе организмдегі метаболикалық үрдістердің реттеушісі болып табылады. Ол организмдегі барлық ағзалардың қызметін реттеп, бір қалыпта жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ауыз қуысындағы патологиялық өзгерістер кейбір эндокриндік аурулары кезінде бірінші пайда болады, сондықтан диагностика жағынан өте маңызды. Себебі: аурудың бастапқы кезеңдерінде симптомдарын біле отырып, эндокриндік жүйенің ауруының диагностикалауға болады.



Эндокринолог-дәрігері эндокринді жүйе жағынан, егер бұл қажет болса, жүргізеді бұзушылықтарын түзетуге және ішкі секреция бездерінің: адипоциттерде ынталандырады немесе алмастырады өнімдерін гормондар және биологиялық белсенді заттарды реттейтін өмірге қажет функциялары патологияны анықтайды



Қант диабеті

- ▶ Созылмалы дерт, көмірсулардың алмасу бұзылады, ол уйқы бездің гормоны инсулиннің жетіспеушілігінен дамиды.
- ▶ Қант диабетінде ауыз қуысындағы патологиялық өзгерістер ең алғашқы аурудың симптомдары болып табылады.



- ▶ Ксеростомия (ауыз қуысының құрғақтануы)- бұл науқастың алғашқы симтомы, сонымен қатар тәбеті жоғары болады, ауызы кебеді.
- ▶ Ксеростомия Микулич, Шегрен аурулар кезінде де болғандықтан, қан анализін жүргізу қажет. Қант диабетінде әлсіздік байқалады.
- ▶ Қызыл иекте, кілегейлі қабатында катаральды қабынуын байқауға болады. Тіндер ісініп, қызарады, бүртіктердің пішіні өзгереді. Тез дамыған пародонт қабынуы үрдісі байқалады.

- ▶ Кандидоз – (микотическая заеда, ангулярный хейлит) ауыздың бұрыштарында жаралар пайда болады, қызарған, ісінген, аурады.
- ▶ Тілдегі кандидоз тілдің бетін қызыл түске өзгертеді, тіл ашиды, бүртіктері атрофияға ұшырайды. Дәм сезуі бұзылады. Ас қабылдау қиын болады.
- ▶ ҚД декомпенсацияланған кезеңінде ауызда жаралар пайда болады. Ангиопатия үрдістер байқалады.
- ▶ Қант диабеті+гипертониялық ауру+қызыл жалпақ теміреткі = Гриншпан синдромы.
- ▶ Парестезиялар – тілде, таңдайда ашу, күйген сезімі пайда болады, сонымен қатар үшкіл нервтің невриті, невралгиясы. Тәтті, қышқыл, тұзды дәмдерге сезімталдығы төмендеген.



Тиреотоксикоз (Базедов ауруы)

- Қалқанша бездің гормоны тироксин шамадан тыс болғанда болады. Тахикардия, бұлшық еттердің әлсіздігі, аяқ-қолдың дірілдеуі, терлеу, субфебрильді температура, тәбетінің жоғарлауымен сипатталады. Қалқанша без ұлғайған, жұмсақ, науқаста экзофтальм байқалады.
- Ауыз қуысында тілде күй, ашу сезімі, жіп тәрізді бүртіктер атрофияланған. Дәм сезімі бұзылады. Ұрттың, ауыздың кіреберістің кілегейлі қабығы десквамацияланады. ерін құрғап, қабыршақтармен қапталады. Науқастың жалпы жағдайы нашарлайды. Тілде десквамативті глоссит белгілері байқалады, АҚКҚ ісінген мен ақшыл түсті.

Иценко-Кушинг синдромы

Основные симптомы болезни Иценко-Кушинга



Бұл дерт бүйрек безінің қыртысының гормондары көп мөлшерде бөлінгенде болады немесе гипофиз-гипоталамус жағдайы бұзылғанда.

Кортикостероидтардың көп мөлшерде болғандықтан сүйек тіндері остеопорозға ұщырайды. Ауыз қуысында пародонт аурулары болады, ерінде-макрохейлит, сонымен қатар кандидоз, терең жаралар да кездеседі.

Микседема

- Қалқанша бездің қызметі төмендегенде болатын дерт. Көбінесе әйел адамдарда кездеседі. Негізгі симптомы- барлық кілегейлі қабықтарының ісінуі. Бұл патология лимфаның жүріуінің бұзылғаннан болады. макроглоссия, кілегейлі қабық құрғақ. Науқастың дауысы өзгереді, себебі көмекей мен дауыс қатпарларының ісінуі болып табылады. Жалпы жағдайы да өзгереді: әлсіздік, ұйқышлық пайда болады, есту қабылеті төмен. Жас балаларда қалқанша бездің қызметі төмендесе, кретинизм ауруы дамиды.



Аддисон ауруы

- ▶ Бүйрек безінің қыртысының жетіспеушілігінен болады. Бұл ауру кезінде тері мен кілегейлі қабықтарында пигментация пайда болады. Ауыз қуысында, ерінде, тілде, қызыл иекте, ұртта қара дақтармен сызаттар пайда болады, науқаста ешқандай шағымы болмайды.



Дәрумендер

- Биологиялық белсенді органикалық заттар. Белок, липид, көмірсулармен олар организмдегі қалыпты биохимиялық, физиологиялық үрдістерге тікелей қатысады. Олар биологиялық катализатор болып табылады, себебі фермент пен гормондармен байланысты, олардың синтезіне қатысады. Ферменттер мен гормондар зат алмасу үрдістерін қалыптастырады.

Дәрумендер өздерінің емдік-профилактикалық әсеріне байланысты бөлінеді:

- 1. организмнің жалпы реактивтілігін көтеретін- А,С және В тобы;
- 2. инфекцияға қарсы организмнің қабілетін көтеру – В тобы, А и С (фагоцитоз);
- 3. антигеморрагиялық – С, Р, К;
- 4. кілегейлі қабықтарды және теріні қорғайтын – А, В тобы.

- ▶ Дәрумен жетіспеушілігінің дамуына қарай гипо- және авитаминоздардың бірнеше түрлерін ажыратады:
- ▶ 1. Алиментарлы- адам организміне дәрумендердің аз түсуі
- ▶ 2. Резорбтивті- асқазан-ішек жолдарында дәрумендердің ыдырауы
- ▶ 3. Диссимиляциялық- зат алмасу үрдістер бұзылуынан

- **Гиповитаминоз** экзогендік және эндогендік болады. Экзогендік – астың құрамында витаминдерді өте аз мөлшерде болғандықтан, бұл біріншілік гиповитаминоз. Ал эндогендік – екіншілік ас қорыту жолдардың ауруларынан дамиды.
- Дәрумендер бір-бірімен өте тар байланысты. Бір витаминнің жетіспеушілігі кездеспейді. Витаминдер бір-бірімен синергизм немесе антогонизмда болуы мүмкін. Мысалы: А мен Д – антогонистер, ал В1 мен С синергистер.



А витамин (ретинол)

- ▶ Физиологиялық маңызы өте зор: организмнің өсуіне, терінің қалыпты жағдайда болуына қатысады (эпителийдің жетілу және мүйіздену үрдістерін жөнге салады), әр түрлі жарақаттаушы факторларға кілігейлі қабықтың тұрақтылығын жоғарылатады.



А гиповитаминоз.

- ▶ Бұл кезде кілегейлі қабығында мүйіздену шамадан тыс жүреді. Сілекей бөлінуы төмендейді.
- ▶ Ауыз қуысымен ерін құрғақтайды.
- ▶ Көздер зақымданады: гемеролопия, ксерофтальм. Науқас адам азиды, тері бозарады, шаштары түсіп, жылжыры жоғалады, тырнақтары-тез сынады. Жаралардың жазылуы ұзаққа созылады, себебі, грануляциялық тіннің пайда болуы төмендеген.
- ▶ А дәруменнің емдік дозасы 10 000-25 000 МЕ/тәул.

ЕМІ

- ▶ Витамин А драже ретінде ішке (3300 МЕ), ерітіндіс (майлы 1 мл – 100 000 МЕ) 5-10 тамшы;
- ▶ 3,44% ретинол ацетат ерітіндісі бұлшық етке;
- ▶ Каротолин
- ▶ Облепиха майы

Е витамині

- ▶ Бұл витамин антиоксидант, витамин А жиналуына әсерін тигізеді, май, минералдар алмасуға қатынасады.
- ▶ **Е гиповитаминоз** кезінде бұлшық еттердің дистрофиясы байқалады, шаш түсіп қалады. Бұл витамин жүкті әйелдерге өте пайдалы. Ауыз қуысындағы жараларды тез жазады.



В витамин тобы

- ▶ В1 (тиамин).

Бұл витамин бауырда, аш шекте кокарбоксилазаға ауысады, зат алмасу үрдістерді реттейді. Және белок алмасуында нуклеин қышқылдарының синтезіне қатысады. Көмірсулардың алмасуында ацетилхолин және холинэстеразаның белсенділігін жоғарлатады.

Гиповитаминоз В кезінде аппетит төмендейді, әлсіздік, азып кету байқалады, ұйқы бұзылады.



В2 витамині

- Бұл витамин зат алмасу үрдістеріне және өттегілік фосфорилированиеға қатысады.
- **В2 гиповитаминоз** кезінде кілегейлі қабықта спецификалық өзгерістер байқалады. Ауыздың бұрыштарында тіліктер пайда болып, эпителий түлейді, ерінде құрғақтық, түлеу анықталады. Тілде ашу сезімі, құрғақтану, бүртіктерінің атрофиясы, жұқа жаралар, кілгейлі қабықтың қызаруы болады. Көздер зақымданады, жалпы жағдай нашарлайды.

- ▶ **В6 витамині (пиридоксин)**
- ▶ Бұл витамин организмдегі зат алмасу үрдістерде биокатализатор болып табылады. Белок алмасудың реттейді, гемоглобинның мөлшеріне әсерін тигізеді, лейкоциттердің фагоцитарлық белсенділігін жоғарлатады.
- ▶ **В6 гиповитаминоз** кезде тәбет төмендеп, науқас тез ашулы, полиневрит, хейлит, стоматит, глоссит белгілері болады, қан құрамында лимфопения.

- ▶ **Вс (фолиевая кислота)**
- ▶ Анемияға қарсы витамин. Венозды қысымды жоғарлатады, қан тамырларды кеңейтеді. Бұл витамин микробтардың және өсімдік жасушалырынан бөлініп шығарылады.
- ▶ **Вс гиповитаминоз** кезінде кілегейлі қабатта ісіну, қызару байқалады. Хейлит, глоссит, жаралы стоматит, гингивит ауруларын тудырады. Вс витамин клеткалардың жаңаруына, эритроциттердің түзілеуіне әсер етеді.

- ▶ РР витамині (никотин қышқылы)
- ▶ Зат алмасуда, әсіресе көмірсулар алмасуда. РР витамин спецификалық пеллаграға қарсы препарат болып табылады.
- ▶ Гиповитаминоз кезде тәбет бұзылады, тіл ісініп, бүртіктері алғашқыда гипертрофияланады, тілдің үстінде көп мөлшерде қақ. Бірааз уақытан кейін қақ алынып, астында тілдің беті жылтырап, бүртіктері атрофияланып, ауру сезімі пайда болады. Пеллагра кезінде деменция, диарея, дерматит (триада) өзгерістер байқалады.
- ▶ Емі: РР 0,1 г. 2-3 рет/күн 15-20 күн. Бірге В1, В2, В6 витаминдер қабылдау қажет.

- ▶ В12 (цианокобаламин).
- ▶ Бұл витамин организмдегі қалыпты гемопоэз үрдіске әсер етеді, иммунологиялық статуска және көмірсулармен майлардың алмасуына. Бір тәулікте В12 қажеттілігі 2-3 мкг.
- ▶ В12 гиповитаминоз Аддисон-Бирмен анемиясына әкеледі. Осы кезде асқорту, нервтік және кроветвордық жүйелердің қызметі бұзылады.
- ▶ Ерте белгісі: тілде ашу, бүртіктердің атрофиясы (полированный язык), ауыз кебеді.

- ▶ Ауру асқығанда жалпы жағдай төмен. Нерв жүйесі жағынан – парестезия және анестезия.
- ▶ Қанда қатты өзгерістер: эритроцитердің, гемоглбиннің мөлшері азаяды, мегалоциттер пайда болады, лейкоциттердің саны төмендейді. Анемияның түрі – гиперхромдық.
- ▶ Емі: В12 вит. басқа В тобы вит. қабылдау. В12 100-200 мкг 2 күнде 1 рет. В12 витаминді фолий қышқылымен бірге қабылдау қажет.
- ▶ В витаминдердің комплексі – пангексавит, декамевит және т.б. поливитамины.

С витамин

- ▶ Коллаген синтезі, қан тамыр қабырғаларын өткізгіштігі, организмнің инфекцияға резистенттілігі, белок алмасу үрдіс – С витаминнің атқаратың ролі.
- ▶ С гиповитаминоз: геморрагиялық синдром-ауыз қуыста кілегейлі қабықта петехиялар, қызыл иек бүртіктері ісініп, некрозданады, жалпы жағлай нашар, тері құрғақ.



Глоссарий

- ▶ Эндокриндік жүйе — ағзаның гуморальды реттелуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жерде гуморальды реттелу дегеніміз — қанның құрамындағы гормондар және минералдық заттардың әсерлері арқылы организм қызметінің реттелуі. Ол ағзаның ішкі ортасына арнаулы биологиялық белсенді заттарды бөліп шығарады. Ішкі секреция бездері шығарған заттар гормон деп аталады. Бездер бөлген гормондар қанның ағысымен ішкі мүшелерге және мүшелер жүйелеріне келіп, олардың жұмысына әсер етеді.
- ▶ Без, биологияда — адам мен жануарлар организмінде арнаулы заттар — секреттер бөліп шығаратын органдар. Без өзінің атқаратын қызметіне қарай: сыртқы секреция бездері (мысалы, бауыр, сілекей бездері) және ішкі секреция бездері (мысалы, қалқанша безі, гипофиз, эпифиз, бүйрек үсті безі) болып бөлінеді. Қалқанша безі (*glandula thyroidea*) адамда кеңірдектің қалқанша шеміршегі мен 5—7-кеңірдек сақиналары аралығында орналасқан, организмнің өсуін, дамуын, ондағы зат алмасуды реттейтін, құрамында иоды бар гормон түзіп, оны өзіне жинайтын орган.
- ▶ Диабет (лат. *diabetes mellitus*) — бұл қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дерт.
- ▶ Микседема (грек. *muxa* - шырышты сұйық және *oidema* - ісік) - қалқанша без қызметінің әлсіреуінен немесе мүлдем жойылуынан пайда болатын сырқат.

- ▶ Кандидоз, кандидамикоз (латынша candida - ашытқы, грекше mykes - саңырауқұлақ) - ашытқы тәрізді саңырауқұлақтармен қоздырылатын терінің, шырышты қабаттың, ішкі органдардың жұқпалы ауруы. Жер шарында кең тараған, әсіресе, тропиктік және субтропиктік аймақтарда жиі кездеседі. Аурудың қоздырғыштары теріні зақымдап, органдардың ішкі шырышты қабаттарында (ауыздың, өңештің, ішектің, әйелдің жыныс мүшелерінің, т.б.) өніп көбейеді.
- ▶ Парестезия (көне грекше: пара- және көне грекше: áisthesis - сезім) — жалған сезім. Ерін, таңдай, тіл шырышты қабығының әр жерінде өзінен-өзі пайда болатын шаншу, қызу, шымырлау сезімдер.
- ▶ Ксеростомия (гр. xērós - құрғақ + гр. stóma - ауыз) (ауыздың құрғауы). Сілекей безінің ауруға шалдығуы (түрлі созылмалы инфекциялар, нейро-эндокрин жүйесінің бұзылуы) сілекейдің аз бөлініп ауыздың құрғауына әкеледі. Бұл жағдайда ауыз іші қызарып, атрофияға ұшырайды, сілекей қоюлана түседі.
- ▶ Гормондар - ішкі секреция бездерінен бөлінетін ұлпалар мен мүшелерге әсер ететін биологиялық белсенді заттар. Гормондардың барлығы ағзалық заттар, себебі, олардың біреуі нәруыздан, екіншісі аминқышқылдарынан, үшіншісі майтектес заттардан құралған.

Пайданылған әдебиеттер

- ▶ Нұрмұхамбетова Б.Н. Оқу құралынан. Алматы 2007 ж.
- ▶ Жалпы биология. Қасымбаева Т, Мұхамбетжанов К. Алматы, 2006-272 бет.
- ▶ Қуандықов “Генетика”